БЕКІТІЛДІ
Қабылдау комиссияның төрағасы
Шоранов М.Е.
« 19 » 06 2025ж.

# «7R01128 – Оториноларингология ересектердегі, балалардағы» мамандығы бойынша резидентураға қабылдау 2025-2026 оқу жылдары емтиханын өткізу бағдарламасы

**Алматы, 2025**

Бағдарлама келесі бұйрықтарға негізделген:

1) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы.

2) «Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, оқуға қабылдау және медицина кадрларын даярлау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020 бұйрығы.

Бағдарламаны дайындағандар: Муканова Ж.Т., Карымсакова С.Ж., Имангалиева А.А, Баранкулова М.М.

«Оториноларингология» кафедрасының отырысында талқыланды және бекітілді

(хаттама №16 29.03.2025ж)

Оториноларингология кафедрасының меңгерушісі Медеулова А.Р.

Бағдарлама жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің ББК отырысында талқыланып, бекітілді (2025 ж. «15» сәуір, хаттама №8).

Төрайым Енсегенова З.Ж.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің деканы Баймаханов А.Н.

Бағдарлама Академиялық кеңесінің отырысында талқыланды және бекітілді (2025 ж. «29» сәуір, хаттама №8).

Төрайым Калматаева Ж.А.

**2025-2026 оқу жылына арналған "7R01128 – Оториноларингология ересектердегі, балалардағы" мамандығы бойынша резидентураға қабылдау емтиханын өткізу бағдарламасы**

**Оқу мерзімі** - *3 жыл*

**Мақсаты:** медициналық көмек көрсетуде қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті, тәжірибеде және ғылымда озық инновациялық технологияларды қолдануға және дамытуға, отбасылық медицина саласында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға үміткерлер арасында сапалы іріктеуді жүргізу. ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктері, халықтың денсаулығын жақсарту.

**Өткізу рәсімі.**

Резидентура оқуына қабылдау құрамдастырылған түсу емтиханның нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

1. 35% - GPA-ң орташа баллы, ол келесі GPA-ң сомасынан тұрады: бакалавриатта оқу кезіндегі GPA (25%) және интернатурада оқу кезіндегі GPA (10%) немесе барлық 7 оқу жылы кезіндегі жалпы GPA-дан.

Диплом қосымшасында GPA болмаған жағдайда талапкер өзі оқыған оқу орнының қолы мен мөрі қойылған есептік GPA-ны ұсынады.

Өткен жылдардың бітірушілері үшін (транскриптте GPA болмаған жағдайда) дипломға қосымшаның бағаларының орташа балы есептеледі (4-балдық шкала бойынша қайта есептегенде, 4,0 жүйе бойынша ең жоғары балл ескеріледі).

2. 40% - 7 курстың қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың (ҚМА) 1-кезеңінің бағасынан (Ұлттық тәуелсіз бағалау орталығы өткізетін тәуелсіз тестілеу (ҰТБО) тұрады.

Басқа ЖОО бітірген талапкер мекеме басшының қолы қойылған және білім беру ұйымының мөрімен расталған тәуелсіз тестілеудің бірінші кезеңінің бағасын көрсетіп береді.

Егер үміткер интернатураны аяқтаған жылы тәуелсіз тестілеуден өтпесе, онда оны ҰТБО-да «Жалпы медицина» мамандығы бойынша (оқу бағыты – жалпы тәжірибе дәрігері/ЖТД) немесе «Стоматология» мамандығы бойынша тапсырады.

3. 25% - Moodle платформасында тапсыратын жазбаша емтиханның бағасы.

Емтихан әрбір резидентура мамандығына сәйкес бакалавриат пен интернатура бағдарламасын қамтиды.

Мамандық бойынша жазбаша емтихан бейне жазбамен жабдықталған Тестілеу орталығында өткізіледі.

Емтихан комиссиясы талапкерлердің шифрланған жұмысын тексереді және бағалайды.

Емтиханнан минимальді өту баллы - мүмкін болатын 100 баллдан 75.

Жазбаша емтихан ұзақтығы 100 минут құрайды.

Жазбаша емтихан таңдалған мамандық бойынша екі нақты сұрақтан тұрады. Олар келесі аспектілерді қамтиды:

- этиологиялық факторлар мен патогенез механизмдері
- аурулардың актуальді жіктелуі
- нақты ауруға тән симптомдар мен синдромдар
- науқастың анамнезі мен клиникалық көріністеріне негізделген диагностикалық критерийлері
- олардан күтілетін нәтижелерді және диагностика үшін маңызын сипаттайтын қажетті зертханалық және аспаптық зерттеулердің тізімін
- клиникалық және зертханалық-аспаптық мәліметтерді ескеретін дифференциальді диагностика
- науқастарды жүргізу тактикасы, оның ішінде хирургиялық араласуға көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер
- аурудың мүмкін болатын асқынулары, оларды алдын алу әдістері және болжамы.

Үміткерлердің аты-жөні емтихан материалдарында көрсетілмейді және тест орталығының қызметкерлері берген шифрлармен ауыстырылады.

Етихан сұрақтарын таңдау кездейсоқ (рандомды) түрде жүзеге асады.

Әр сұрақты бағалау 100 балдық жүйе бойынша бақылау парақтары арқылы жүргізіледі.

Емтихан екі емтихан алушымен бағаланады. Мәлімдемеге әрбір емтихан алушының қойылған бағасы негізінде есептелген орташа бағасы қойылады.

## "7R01128 – Оториноларингология ересектердегі, балалардағы" мамандығы бойынша түсу емтиханының сұрақтары

Төменде келтірілген нозологиялар бойынша әрбір сұраққа келесі тармақтарға сәйкес жауап беру керек:

- этиологиялық факторлар мен патогенез механизмдері
- аурулардың актуальді жіктелуі
- нақты ауруға тән симптомдар мен синдромдар
- науқастың анамнезі мен клиникалық көріністеріне негізделген диагностикалық критерийлері
- олардан күтілетін нәтижелерді және диагностика үшін маңызын сипаттайтын қажетті зертханалық және аспаптық зерттеулердің тізімін
- клиникалық және зертханалық-аспаптық мәліметтерді ескеретін дифференциальді диагностика
- науқастарды жүргізу тактикасы, оның ішінде хирургиялық араласуға көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер
- аурудың мүмкін болатын асқынулары, оларды алдын алу әдістері және болжамы

Нозологиялар тізімі:

1. Мұрынның бөгде заттары. Ринолит.
2. Мұрыннан қан кету.
3. Мұрын фурункулы.
4. Мұрын пердесінің гематомасы.
5. Мұрын пердесінің абсцессі.
6. Жедел ринит.
7. Мұрынның қосалқы қуыстарының зақымдануы және жарақаттары.
8. Жедел гайморит.
9. Жедел фронтит.
10. Сына тәрізді қойнаудың жедел қабынуы.
11. Жедел этмоидит.
12. Катаральды ангина.
13. Лакунарлы ангина.
14. Фолликулярлы ангина.
15. Жаралы - үлбірлі ангина.
16. Паратонзиллярлы абсцесстер.
17. Жұтқыншақ арты абсцессі.
18. Жедел фарингит.
19. Жұтқыншақтың термиялық күйіктері.
20. Жұтқыншақтың химиялық күйіктері.
21. Флегмонозды ларингит.
22. Жедел ларингит.

23. Жедел ларинготрахеит (жалған круп).
24. Көмейдің ісінуі.
25. Көмейдің бөгде денелері.
26. Көмейдің жіті стенозы (стеноз сатысы).
27. Көмей хондроперихондриті.
28. Көмейдің жарақаттары.
29. Құлақ қалқаның күйігі.
30. Құлақ қалқаның үсуі.
31. Сыртқы құлақ каналының бөгде денесі.
32. Отгематома.
33. Құлақ қалқанының перехондриті.
34. Сыртқы диффузиялық отит.
35. Сыртқы шектеулі отит.
36. Жедел ортаңғы отит.
37. Мастоидит.

*1 қосымша*

## Резидентураға түсу үшін жазбаша емтиханнның бағалау парағы

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Мамандығы** | **"7R01128 – Оториноларингология ересектердегі, балалардағы"** | | |
| **Үміткердің шифры** | | **Бағалау күні** | |
| **Сұрақ (нозологияның атауы)** | | | |

| Бағаланатын критерийлер | Максимальды балл | Жауап толық және нақты 9-10 б | Жауап дұрыс, бірақ нақтылауды қажет етеді 7-8 б | Жауапта дәлсіздіктер бар және тақырыпты толық емес түсінгенін көрсетеді 5-6 б | Жауап үлкен қателіктер мен және сұрақтың негізін түсінбеуімен 3-4 б | Жауап берілген сұраққа сәйкес келмейді 0-2 б |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Аурудың анықтамасы тұжырымдалған, негізгі этиологиялық факторлары келтірілген және патогенезінің механизмдері сипатталынған | 10 | | | | | |
| Аурудың актуальды жіктелуі берілген. | 10 | | | | | |
| Нақты ауруға тән симптомдар мен синдромдар сипатталынған | 10 | | | | | |
| Науқастың анамнезі мен клиникалық көріністеріне негізделген диагностикалық критерийлері көрсетілген | 10 | | | | | |
| Қажетті зертханалық және аспаптық зерттеулердің тізімі күтілетін нәтижелердің сипаттамасымен және олардың диагностика үшін маңыздылығымен ұсынылған. | 10 | | | | | |
| Клиникалық және зертханалық-аспаптық мәліметтерді ескеретін дифференциальді диагностика жүргізілген | 10 | | | | | |
| Емдеу қазіргі заманғы клиникалық хаттамаларға сәйкес сипатталынған, дәрілік заттарды қолдану жиілігі мен ұзақтығы көрсетілген. | 20 (қосу k=2) | | | | | |
| Науқастарды жүргізу тактикасы, оның ішінде хирургиялық араласуға көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер анықталынған. | 10 | | | | | |
| Аурудың мүмкін болатын асқынулары сипатталынған, олардың алдын алу әдістері ұсынылған және болжамы берілген. | 10 | | | | | |
| **Максимальды балл** | **100** | | | | | |
| **Қорытынды балл** | | | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Емтихан алушының аты-жөні | | қолы | |

*Қосымша 2*

**Жазбаша емтиханның мәлімдемесі**

| № | Үміткердің шифры | Бірінші емтихан алушының баллдары | | Екінші емтихан алушының баллдары | | Жазбаша емтиханның орташа баллдары |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 сұрақ | 2 сұрақ | 1 сұрақ | 2 сұрақ | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

*Қосымша 3*

**Түсу емтиханның мәлімдемесі**

| № | Үміткердің аты-жөні | GPA (5 жыл) | GPA (2 жыл) | ҚА (балл) нәтижесі | Жазбаша емтихан (балл) | Жалпы балл | Қорытынды баға |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | |

**Емтихан комиссиясының төрағасы:**

_______ ________________________
(қолы) (Қолтаңбаның толық жазылуы)

**Комиссия мүшелері:** _________ ________________________
(қолы) (Қолтаңбаның толық жазылуы)

_________ ________________________
(қолы) (Қолтаңбаның толық жазылуы)

_________ ________________________
(қолы) (Қолтаңбаның толық жазылуы)

**Күні «_______»_______________20__ ж.**